



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Ұлттық статистика бюросы Қазақстанда тұратын адамдар саны туралы нақтыланған мәліметтерді ұсынды. Ведомствоның мәліметінше, 2023 жылдың 1 шілдесінде ел халқының саны 19 миллион 899 мың 377 адамды құрады. Елімізде 12,3 миллион адам қалада, 7,5 миллион адам ауылдық мекендерде тұрады. Жыл басынан бері халық саны 132 мың адамға өсті, оның

Қазақстанда халық саны қанша?



125 мыңы – табиғи өсім есебінен (туылғандар саны өлгендер санынан асып түсті), 6,6 мың адам – көші-қонның оң сальдосы.

Өңірлер арасында ең көп халық саны Алматы қаласында – 2 191 314 адам. Халық саны бойынша Түркістан облысы одан кейінгі орында – 2 133 559 адам, Алматы облысы 1 518 282 адаммен алғашқы үштікті түйіндеп тұр.

Астана халық саны бойынша төртінші орында – 1 383 291 адам, Жамбыл облысы бесінші орында – 1 222 257 адам.

Айта кетейік, Қазақстан халқы 2022 жылы 261 845 адамға өсті.

Елімізде мерекелік күндер тізіміне нан күні енгізілді



Үкімет 27 шілдедегі қ сәйкес мереке күндерінің тізбесін жаңа редакцияда бекітті. Мерекелік күндердің қатарына Нан күні енгізілді.

Нан күні Қазақстан Республикасының мерекелік күндерінің тізіміне 2019 жылы енгізілген.

Нан - азық-түліктің ішіндегі ең маңызды және ең танымал, сүйікті тағамдардың бірі. Ежелден бері әлемнің барлық халықтарында нан ерекше құрметке ие болып келеді.

Нан күні – астық және ұн өнімдерінің құрметін арттырып, қазақстандық диқандардың, ұн тартушылар мен наубайханалардың еңбегін елеу үшін арнайы белгіленді.

2006 жылдан бастап 16 қазанда - Дүниежүзілік нан күні аталып өтіледі. Бұл күні көптеген елдерде нан өнімдерінің түрлі көрмелері, аспазшылардың, наубайханалардың және кондитерлердің кездесулері, жәрмеңкелер, шеберлік сыныптар, халықтық серуендер, сондай-ақ барлық мұқтаж адамдарға нанның тегін таратылуы, қайырымдылық акциялары және басқа да іс-шаралар ұйымдастырылады.

Президент Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасын қабылдады



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің төрағасы Марат Омаровты қабылдады.

Президентке биылғы бірінші жартыжылдықтағы бәсекелестік жағдайы және негізгі тауар нарықтарындағы бәсекелестікке кедергі келтіретін тосқауылдар жөнінде есеп берілді.

Мемлекет басшысына монополияға қарсы тергеу

амалдарының аралық нәтижелері, экономиканы монополиядан арылту және бәсекелестікті дамыту үшін қабылданған шаралар, сондай-ақ монополияға қарсы органның рөлін күшейту мәселесі туралы баяндалды. Жыл басынан бері монополияға қарсы заңнаманы бұзу деректері бойынша 48 істі тергеу аяқталды. Сондай-ақ 33 іс тергеліп жатыр. Бұл ретте жосықсыз нарық субъектілеріне 3,5 миллиард

теңгеден астам айыппұл санкциясы салынды. Соттың қарауында 40-тан астам монополияға қарсы іс бар.


Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев ел экономикасының негізгі салаларын монополиядан арылту жөніндегі кешенді шараларды жүзеге асыру ісін жалғастыруды және бәсекелестікті дамыту бойынша қосымша ұсыныстар дайындауды тапсырды.

Онлайн оқулық

Елімізде цифрландыру саласы қарқынды дамып келеді. Мәселен, көптеген қызметті электронды үкімет арқылы онлайн ала беруге болады. Енді білім саласы да цифрлық технология мүмкіндігін пайдаға асырып, оқулықтарды онлайн форматқа көшіріп жатыр.

Қазіргі кезде оқулықтардың 80 пайызы цифрлық форматқа көшірілген. Цифрлық нұсқадағы оқулықтар мемлекеттік сараптамадан өтіп, оқу-әдістемелік кешендер тізіміне енгізілді. Цифрлық оқулықтарды әзірлеуге 11 баспа тартылған. Пәндерді оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу мақсатында педагогтердің оны пайдалануы үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, оқытылған.

– Қазіргі күні еліміздегі бастауыш сынып оқулықтарының 94 пайызы, 5-9 сынып оқулықтарының 81 пайызы, 10-11 сынып оқулықтарының 61 пайызы электронды нұсқаға көшірілген. 2024 жылы пәндерді цифрлық оқулықтармен 100 пайыз қамту жоспарланған, – деді Оқу-ағарту министрлігі Орта



білім комитетінің төрағасы Қаныбек Жұмашев.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше, электронды оқулықтармен қатар мектептерде қосымша оқу материалы ретінде мультимедиялық контенті бар цифрлық білім беру ресурстары да жиі қолданылады. Қазір 50 мыңнан аса цифрлық білім беру ресурсы жасалды.

2023 жылдың басынан бастап цифрлық білім беру ресурстарына 6,7 мың мектеп қосылды. Бұл ресурстарды бүгінде күн сайын 3 миллиондай оқушы мен мұғалім қолданып келеді. Цифрлық білім ресурстарында барлық сыныпта қамтитын 50 мыңнан аса бейнесабақ жарияланған.

«Созақ үні» - ақпарат».

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбековтің төрағалығымен кезекті аппарат мәжілісі өтті. Мәжілістің күн тәртібіндегі мәселе жылу беру маусымына дайындық жұмыстарының барысы мен ауылдық округтер мен кенттерді абаттандыру, көгалдандыру және тазалық жұмыстары туралы аудан әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Дәулет Құдайбергенов хабарлама жасады.

Аудан басшысы күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша ауыл, кент округ әкімдерінің атқарып жатқан жұмыстарына жан-жақты тоқталып, бұл бағыттағы жұмыстарды әр кез бақылауда ұстау керектігін айтып өтті.

КЕЗЕКТІ АППАРАТ МӘЖІЛІСІ ӨТТІ



Сондай-ақ Таукент, Қыземшек кенттеріндегі орталықтандырылған жылу қазандықтарында жүріп жатқан жұмыс барысын назарға алды. Жауапты мамандарға аурухана, білім ошақтары мен әлеуметтік орталықтардың жылу жүйесіне техникалық тексеру жұмыстарын толыққанды жүргізіп, орын алған осал тұстарын жою үшін жұмысты жіті ұйымдастыру қажеттігін айтты.

Сонымен қатар, осы бағыттағы жұмыстарға немқұрайлы қараған әкімдер мен жауапты мамандардың мәселесі қаралып, тиісті шаралар қабылданатынын қатаң ескертті.

Биылғы жылы Тасты ауылында тұрғындар сұранысына орай 75 орындық мәдениет үйінің құрылысы басталып, жұмыстар жалғасуда. Бүгінде құрылысқа қажетті

лерді талқылады. Сондай-ақ жұмыстың сапасына баса мән беру керектігін ескертті. Жауапты мамандарға жасалып жатқан жұмыстарды бақылауда ұстауды тапсыр-

Мәдениет үйінің құрылыс жұмыстарын көрді



жабдықтар толықтай жеткізіліп, жұмыстар қарқынды жүруде.

Осы ретте, аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков құрылыс жүріп жатқан аумақта арнайы болып, құрылыс сапасын назарға алды. Мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесіп, жұмыс барысына қатысты бірқатар мәселе-

ды.

Айта кетейік, амануи үлгідегі 75 орындық мәдениет үйі 329,5 шаршы метрді құрайды. Мұнда қосымша кітапхана бөлмесі және жаңа музыкалық құрал-жабдықтар мен заманауи жиһаздар қамтылатын болады.

АУДАН БАСШЫСЫ ҒАСЫР ЖАСАҒАН ӘЖЕГЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Аққолтық елді мекенінің тұрғыны Шойтанова Сәндікүл апаның шаңырағында болды. Сан қилы белестерді артқа тастап, мерейлі 100 жасқа толған ақ самайлы әжейді төл мерекесімен құттықтап, сый-сияпат табыс етті. Аудан басшысы апамыздың жағдайын жиі сұрап тұратынын айтып, бұған дейін де бірнеше мәрте келгенін тілге тиек етті.

“Қарты бар елдің-қазынасы бар”-деген. Қартымызды әр қашан құрмет тұтсақ, ел болып қарыштап дами түсетіміз сөзсіз. Аяулы анаға, ардақты әжелерге деген құрметімізді ешқашан тоқтатпауымыз керек. Бұған дейін бірнеше мәрте келген болатынымын. Бүгін міне 100 жылдық қызықшылығыңызда бас қосып отырмыз. Ардақты аналарға күн сайын құрмет көрсетсек те көптік етпесі анық. Сіз біз үшін бұрыннан да жақын, бұрынғыдан да қымбат сезінесіз,- деді аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы.

Сонымен қатар, аудандық мәслихат төрағасы Ордабек Жәмиев ғасыр жасаған әжемізге деген ыстық ықыласын білдіріп, құттықтауын жеткізді.

Қазақ радиосының ардагері, танымал журналист, Созақ ауданының Құрметті азаматы Ғалым Есенсариев әжеміз жайында тағылымы терең әңгімелер айтып, ауданымыздың кешенді дамуы жолында бірқатар ұтымды ұсыныстарын ортаға салды. Ұл-қыздары мен немерелері ізгі тілектерін арнап, көрсетілген құрметке алғыстарын жеткізді.

Өз кезегінде сөз алған Сәндікүл әже - Біз көрген бейнетті ұрпағымыз көрмесін. Еліміз есіп, өркендей берсін. Тек жер бетінде тыныштық заман болып, бейбіт күннің біз баянды болсын,- деп ақ батасын арнады.

СПОРТТЫҢ ЖЕКПЕ-ЖЕК ТҮРІНЕН ЖЕҢІМПАЗ АТАНҒАН СПОРТШЫЛАРЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков шілде айының 20-23 жұлдызы аралығында Қарағанды облысы, Теміртау қаласында өткен спорттың жекпе-жек түрінен Қазақстан Республикасы Чемпионатынан жүлдемен оралған спортшыларды қабылдап, құрмет көрсетті.

Бүгінде аудан спортшыларының шеберлігі мен кәсіби деңгейі артып келеді. Республикалық, облыстық сайыстарға тұрақты қатысып, жеңіс тұғырынан көрінуде. Халықаралық додалардан да топ жарып жүрген спортшыларымыз бар. Әрине жастарымыз спортты жанына серік етіп, ауданымыз бен облысымыздың атын шығарса, біз оған қуанамыз. Спортшыларға, спорт саласына тиісінше көңіл бөлуіміз. Түрлі спорт түрлерінен жеңімпаз атанып жүрген жерлестерімізді жиі қабылдап, тілдесіп тұрамын. Жарысқа қатысу, сайыстан орын алу тыңғылықты дайындықты, еңбекті қажет ететіндігін білемін. Сіздерге келешекте аудан намысын бұданда жоғары нәтижеге көтереді деп сенемін,-деген аудан басшысы Мұхит Сексенбайұлы спортшыларға арнайы алғыс хат пен сый-сияпат табыс етті.

Аудан басшысының қабылдауында болған Елеу Нұрбақыт Уалиханлы жекпе-жек спортынан жастар



арасында Қазақстан Республикасының чемпионы, жасөспірімдер арасында бокстан Халықаралық жарыстардың бірнеше дүркін чемпионы, бокстан Республикалық турнирлердің жеңімпазы, спорт шеберлігіне үміткер, дала бөрілері “Көкжал FS” турнирінің 62 кг салмақ дәрежесінде чемпионы “Белбеу” иегері, понкратионнан спорт шеберлігіне үміткер, жекпе-жек спорт түрінен “Ашық Азия” чемпионатының қола жүлдегері, әмбебап жекпе-жектен Қазақстан Чемпионатының қола жүлдегері, “Айбын FS” турирінің кубок иегері, жекпе-жек спорт түрінен Қазақстан Чемпионатының жеңімпазы, спорт шебері.

Жұмабаев Бағдат Болатұлы Жекпе-жек спорты-

нан жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионатының қола жүлдегері, Дзюдодан Республикалық чемпионаттар мен жасөспірімдер арасында Қазақстан Республикасының бірнеше дүркін чемпионы, әскери Самбодан Қазақстан Республикасы Чемпионатының күміс жүлдегері, әмбебап жекпе-жектен Қазақстан Республикасы Чемпионатының қола жүлдегері. Жекпе-жек спорт түрінен Қазақстан Республикасының қола жеңімпазы, спорт шеберлігіне үміткер.

Жаттықтырушысы Қиясбаев Мұхтар Сенбіұлы Созақ аудандық жекпе-жек федерациясының президенті, жекпе-жек спорт түрінен жаттықтырушы.

«Созақ үні»-ақпарат.

Егер оқырмандарымыздың есінде болса көктем мезгілінде Қашанғы әдетімізше аудандық "Созақ үні" газеті мен "Facebook" әлеуметтік желісіндегі парақшамызда көктемгі дала жұмыстары жайлы мақала жазған болатынбыз. "Балапанды күзде санайды" дегеніміз, эне- міне дегенше жаз өтіп, күз айлары таяп қалды. Сол әлгі көктемгі дала жұмыстары жайлап, жемісін бере бастады. Нақтырақ айтсақ, аудандық кәсіпкерлік және ауылшаруа-

арқылы жүзеге асырылады. Сөз соңында айтарым: "Қадірлі жерлестер! Өздеріңіз де білетіндей, қазіргі таңда еліміз бойынша "Ауыл аманаты" бағдарламасы жүзеге асып жатыр! Басты мақсаты ауыл халқының әлеуетін, тұрмысын көтеру болып табылатын бағдарлама біздің облысымызда да пилоттық жоба ретінде өтіп жатыр. Бұл пилоттық жобаға Созақ ауданының Шолаққорған, Созақ, Құмкент және Жартытебе ауылдарының

мәліметтегідей, жердің құнарсыздығы мен судың тапшылығына қарамастан егіндерін егіп, бүгінгі таңда жиын- терін жұмыстарын бастауда. Мұны енді жерлестеріміздің жанкештілігі демей көріңіз. Ендігі жерде бізге, аудан халқына қалғаны сол жанкешті жерлес дихандарымызды қолдап, "Созақ өнімдері" деген брендпен сатылып жатқан ауыл шаруашылығы өнімдерін сатып алу. "Сен жанбасаң, мен жанбасам, кім жанады..." деп, өлең

Жиын-терім жұмыстары басталды

шылығы бөлімінің мәліметінше:

Биылғы таңға ауданымыздағы жалпы егіс көлемі 14363га құрап отыр:

Мәселен: бидай-310, арпа-1049га, жүгері-769га, картоп-494га, көкөніс-482га, бақша-482га, мақсары-1265га, мал азықтық дақылдары-9512га.

Жоғарыда айтқанымдай, ауылдық округтері мен кенттері бойынша егін жинау науқаны басталып кетті! Осы ретте, Құмкент, Жартытебе ауылдық округтеріне қарасты шаруақожалықтар арпа, бидай дақылдарын жинауда.

Ал, Шолаққорған ауылында «Жібек» шаруа қожалығы, «Бірлік» шаруа қожалықтары қарбыз өнімдерін және «Жанболат» шаруа қожалығы, қарбыз, қызанақ, бәдірен өнімдерін сатуда. Сондай-ақ, Созақ ауылдық округінен «Абдраманов», «Болыс-ата», шаруа қожалықтары да қауын-қарбыз өнімдерін аудан тұрғындарына сатып, тіпті, Ресей Федерациясына экспортқа шығаруға дайындық жұмыстарын жүргізуде.

Тағы да күзгі дала жұмыстары бойынша жыл басынан агроқұрылымдар 240 тонна жанар-жағар майға өтініш берген. Жанармайдың калкуляция бағасы (литр) 257 теңге, жеткізуші оператор болып «Айбегим» ЖШС-гі бекітілді. Қажет еткен жағдайда ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілер үшін өтінішін қабылдау ақпараттық жүйеге кіру электрондық-цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қолдану



кәсіпкер- шаруалары да қатыстырылып жатқанын мұнан алдыңғы жазбаларымда жазған болатынмын. Осы бағдарлама бойынша біздің аудан шаруаларын 2,5 пайыздық несие тек мал шаруашылығы және кәсіпкерлігін дамыту бағытында ғана беру ййғарылған. Көріп отырғандарыңыздай, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші шаруалар бұл пилоттық жобадан тыс қалған. Оған себеп, ауданымыздың шаруашылық жерлерінің құнарлығының төмендігі және судың тапшылығы болды. Дегенмен, дихандарымыз солай екен деп, қарап отырған жоқ. Үлкен тәуекелдерге барып, жоғарыда көрсетілген

жолдарында келгендей: "Айналайын ағайын, созақтықтарым! Ауа райының қолайсыздығына, жеріміздің құнарсыздығы мен шаруашылық суларының тапшылығына қарамастан, үлкен тәуекелге барып отырған кәсіпкер- шаруаларымызды сіз бенен біз, бұқара мен жергілікті билік қолдамағанда кім қолдайды! Келіңіздер, кәсіпкерлік бөлім өз ғимаратының алдына дихандарымыз үшін жасап берген жайма базардан, дәрісіз піскен "Созақ өнімдері" атауымен сатылып жатқан ауыл шаруашылығы өнімдерін алыңыздар, жан- жағыңызға насихаттаңыздар!

Данияр БЕК.

Заманауи спорт алаңы



Қаратау ауылдық округінде тұрғындар тарапынан көтерілген мәселелер жөнінде тиісті жұмыстар атқарылуда. Қаратау ауылында қазіргі таңда жастар арасында спортты дамытып, бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында заман талабына сай жабдықталған жабық футбол алаңының құрылыс жұмыстары жүруде. Аталған нысанның құрылыс жұмыстарын қыркүйек айында аяқтап, ел игілігіне пайдалануға беру жоспарлануда.

Осы ретте, аудан әкімі

Мұхит Тұрысбеков Қаратау ауылдық округіне жасаған сапар барысында құрылыс жұмыстарын назарға алып, мердігер мекеменің өкілдерімен тілдесті.

Сондай-ақ бұндай заманауи үлгідегі ойын алаңшалары мұнымен шектелмейтінін айтты. Ауыл жастары кезкелген мезгілде спортпен шұғылданып, бос уақытын тиімді пайдалануға жағдай жасау мақсатында өзге де ауылдық округтерде кезек-кезеңімен жалғасын тауып, бой көтеретінін тілге тиек етті.

Аудан басшысы "ЖАСЫЛ БЕЛДЕУ" АУМАҒЫН АРАЛАДЫ



Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков Шолаққорған -Түркістан бағытындағы «Жасыл белдеу» аумағында болды. Онда атқарылып жатқан жұмыстарды назарға алып, жаңадан қосылған аумағы мен биылғы жылы отырғызылған тал көшеттерінің жай-күйімен танысты. Сондай-ақ "Жасыл белдеу" аумағын одан әрі ұлғайту жөніндегі келелі жоспарларды талқылап, жауапты мамандарға отырғызылған көшеттерді күтіп-баптау жұмыстарын уақытылы жүргізу керектігін ескертті.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Жадыраған жаз айының екінші айы да бітуге айналды. Мектеп оқушылары жазғы демалыстарын қызықты өткізіп жатыр. Бірі жаздың лагерлерге барса, енді бірі ауылға барып ата-әжелерінің қасында демалыстарын өткізуде.

«Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Созақ бөлімінің ұжымы да оқушылардың жазғы демалыстарын көңілді өткізуге өз үлестерін қосуда.

Осы аптаның сәрсенбісі күні аталған мекеменің педагогикалық ұжымы жас туристермен «Туған өлкем-көркем өлкем» іс шарасы аясында аудан орталығының шет жағасында орналасқан «Алмен» қауызында оқушылармен қызықты ойын өткізді.

Шараға облыстық жас туристер станциясы» КММ-ның директоры Өмірбаева Сәуле Өмірсерік қызы және аудандық «Созақ үні» газетінің бас редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, аудандық білім бөлімінің әдіскері Ерік Досболов арнайы шақырылды.

Көңілді ойынның бастауында Өмірбаева Сәуле мен Ерік Досболовтар құттықтау сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі.

Бұдан соң мерекелік концерт басталды. Онда ақын Жүзбаева өлең оқып, оқушыларға жыр тыңдатты.

Шара әрмен қарай жалғасып, оқушылардың ойынына ұласты. Олар топқа бөлініп арқан тартудан, садақ атудан, қол күрестерден, суға жүзуден өзара бәсекеге түсті.

Оқушылардың жазғы демалысы көңілді өтуге



Суға жүзу спортына Алпамыс Сармантаев жетекшілік етті.

Облыстан келген мекеме директоры ойындардың қорытындысына оқушылардың өнеріне риза екендігін жеткізді.

Шалғайдағы «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-нің жұмысына жоғары баға берді.

Өз кезегінде сөз алған «Облыстық жас туристер станциясы» КММ-не қарасты Созақ бөлімінің басшысы Айдос Озғанбаев келген қонақтармен оқушыларға рахметін айтты.

Шараға қатысқан оқушылар осындай шаралар жиі өткізілсе деген балалық тілекпен тартасты.

Сәрсенбек ТЕҢІЗБАЕВ.

Жастар – қоғамның қозғаушы күші. Қазіргі таңда ислам атын жамылған түрлі жат ағымдар жастарымыздың санасын улауда. Ал осы жат ағымның шырғауына түскен жастарымыз хақ дін мен теріс ағымның арасын ажырата алмай жүр. Бұл еліміздің болашағы үшін де, қоғам үшін де ойланатын үлкен мәселе. Жат ағымның алдын-алу мәселесінде біздің ел — күшпен емес, біліммен, идеологиямен жеңуді көздейді. Қазіргі таңда еліміздің әр аймағы бойынша дін істері басқармасы жұмыс істейді.

Жат ағымның жастарға әсері

Басқарманың өзінің көптеген функциялары бар. Ал сол функцияның бірі – осы жат ағымның жетегінде кеткендерді кері қайтару. Оларды бақылауда ұстап, оңалту жұмыстарымен айналысу секілді түйткілді мәселелерді ортаға қояды. Жастардың жат ағым жетегінде кетуінің бірнеше себептерін келтіре аламыз. Оларға:

Діни сауатсыздық. Жат діни ағымның жетегінде жүргендердің санының артуы қарапайым халықтың діни сауатының аздығынан немесе жоқтығынан туындайтыны хақ. Дінге толық танып, біліммен келмей шала сауатпен, сезіммен келіп, өзінің қалай адасқанын аңғармай жатады. Теріс ағымға арбаушылар көбінесе өмірлік тәжірибесі аз, уақытша қиындыққа төзімсіз, діни сауаты таяз жастарды тартуға тырысады. Өйткені, білімсіз адамның аңғал, көнгіш, сенгіш, еліктегіш келетінін жақсы біледі. Жат ағымдарға алданушылардың көпшілігінің мүлдем діни сауаты жоқ. Ал, дінімізде білімнің маңыздылығы ерекше. Тіпті Құранның ең алғашқы түскен аяты да «Оқы» деумен басталады. Құранда Нәхл сүресі, 43-аятында: «Білмесеңдер білім иелерінен сұраңдар», Зүмәр сүресі 9-аятында: «Білгендер мен білмегендер тең бе?», - деп білімнің адам өмірінде алатын орнының қаншалықты маңызды екенін ерекшелеп көрсетіп тұр.

Интернеттің ықпалы. Интернет пен әлеуметтік желілердегі тыйым салынған уағызшылардың уағыздары, экстремистік сайттардың еркін қолжетімділігі де жастарды жарға жығуға итермелейтін факторларының бірі болып тұр. Интернетте шетелдегі псевдошейхтар мен еліміздегі заңсыз уағыз айтушылардың уағыздары бұрынғыға қарағанда біршама бәсеңсіді. Жастар сол интернетте жарияланған мәліметтерге, видеоларға имандай сеніп, оларға лайк басып, пікір жазып, ақпараттармен бөлісіп отыруды үрдіске айналдырған. Сол мәліметтер мен видеолардың арасында жиһадқа шақыратын, билікке қарсы қоя-

тын ақпараттар да жетерлік. Сондай ақпараттарды достарымен бөлісіп, от басып жатқандары қаншама.

Әлеуметтік жағдайдың төмендігі, жұмыссыздық. Тұрмыстың тапшылығы тауқыметінен жаман демекші лаңкестік идеологияға бой алдырғандардың біразының тұрақты жұмыс орны жоқ, біразының баспанасы жоқ, біразының тұрмыс деңгейі төмен болған. Адам кейде жоқшылықтан, тұрмыстық тауқыметтің ауырлығынан айналасынан көмек сұрайтын сәттер кездесіп

жатады. Осындай оңтайлы сәтті жат ағым өкілдері ұтымды пайдалана біледі. Дереве қаржылай қолдау білдіріп, жұмыс орындарын ұсынып, өзінің тобырына тартуды көздейді

Психологиялық күйзеліске ұшырау. Ең танымал, ең оңай тәсілдердің бірі – адамның жандүниесін түсініп, сезіммен, психологиялық шабуыл жасау.

Ең алдымен ата-ана баланың ғаламторда отыру мәдениетін қадағалап отыруы керек. Сонымен қатар жастар ҚР Қоғамдық даму министрлігі және Қазақстан рұқсат еткен сайттарға ғана кіруі керек. Адамда идеологиялық вакуум деген нәрсе болмайды. Адамдар сол вакуумды бір нәрсемен толтырғысы келеді. Діни сауатын ашқысы келетін жастарға тек дұрыс жолды нұсқауымыз қажет. Діни сауалдар туындаған кезде діни жоғары білімі бар мемлекеттік саяси немесе мемлекеттік бағытта Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының нұсқауымен ұсынылған ұстаздардан ғана білім алу қажет.

Ғасырлар бойы қалыптасқан әдет-ғұрып пен дәстүрлі діндерді аяқ асты ететін радикалды ұйымдардың өз ойларын әртүрлі алдап-арбау тәсілдерімен жүзеге асыратынын жастар біле бермейді. Мұның соңы ел ішіндегі ынтымақ пен қоғамның тыныштығына, мемлекетіміздің ішкі қауіпсіздігіне нұқсан келтіріп, лаңкестік әрекеттердің орын алуы әбден мүмкін.

Дін – мемлекеттің негізін құраушы ең маңызды факторлардың бірі болғандықтан, ішкі тұрақтылықтың да кепілі. Еліміздегі ортақ ауызбіршілік, елжандылық, адамды сүю, бейбітшілік пен тыныштық – дәстүрлі діндердің басты ұстанымы, ал ұлттық қауіпсіздігімізге қатер төндіретін жат ағымдардан бойымызды аулақ ұстап, жастарды отансүйгіштікке тәрбиелегеннен ұтылмасымыз анық.

А. ТАҒАЙ,
«Әдістемелік қамтамасыз ету» бөлім басшысы м.у.а.

Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттары

Еліміздің тәуелсіздік тарихындағы алғашқы кезеңдер ел экономикасын өркендетуге жұмсалса, бүгінгі күні негізгі жұмыстар саяси құндылықтарды барынша дамытуға бағытталуға тиіс. Әлемде 113 мемлекет өзін зайырлы ел деп жариялаған болса, соның бірі – Қазақстан. Ал жер бетіндегі 75 мемлекетте дін республиканың ресми бөлігі болып табылады. Бүгінгі Тәуелсіз Қазақстан – достық, бірлік, ынтымақ ұрандарын басты ұстанымына айналдырып, даму сатысында болашаққа жол бастап келеді. Осы уақытқа дейін әлемнің 200-ден астам мемлекеті мен дипломатиялық қарым-қатынас орнатып, бір шаңырақтың астында ұзақ жылдар бойы 130-ға жуық ұлт пен ұлысты, түрлі дінді уағыздайтын діни бірлестіктерді таулықта ұстап отырған зайырлы мемлекет.

Қазақстан Республикасының экономикалық, саяси, мемлекеттік және құқықтық құрылысын айқындайтын басты ұстанымы ҚР Конституцияның 1-бабының 1-тармағы: «ҚР өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары», - делінген.

Жалпы, еліміздің Конституциясында көрініс тапқан зайырлы құндылықтарды ілгерілету мемлекеттік органдардың алдында тұрған маңызды міндет болып табылады, өйткені зайырлылық – Қазақстанның заманауи құқықтық мемлекет ретінде өмір сүруінің негізгі өлшемі.

Қазақстанда зайырлы қағидаттарды ілгерілету мақсатында басшылыққа алынатын құндылықтар қатарына қоғамдағы саяси демократияландыру, құқықтық мемлекет орнату тәрізді маңызды мәселелер қатар жүреді.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыру жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған кешенді жоспарында, Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының негізгі қағидаттары 2 тармағы: «Қазақстанды зайырлы және құқықтық мемлекет ретінде орнықтыратын қағидаттарды іске асыру, олардың барлық құқықтарымен функцияларын сеніммен жүзеге асыруы үшін тең және қолайлы жағдайлар жасау» керектігі анық көрсетілген.

Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаттары мен міндеттері:

1. Мемлекеттік құрылыстың зайырлы қағидаттарының ілгерілету.
2. Азаматтардың діни сенім бостандығына және діни бірлестіктермен өзара іс-қимылын жасауда құқықтарын сақтау.
3. Қазақстандық қоғамда конфессияаралық келісіммен тұрақтылықты сақтау.
4. Діни салада ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

Бұл мақсаттарды орталық мемлекеттік органдарда, жергілікті атқарушы органдарда жүзеге асыруы керек.

Мемлекет дамуының зайырлы қағидаттарын нығайту мақсатында:

Мемлекеттің зайырлы құрылымы – Қазақстан халқының маңызды тарихи жетістігі. Қазақстан бірегей тарихи-мәдени жағдайларға, қоғамдық дамуының өзгешілігіне және діни саланың ерекшелігіне ие бола отырып, әлемдік қоғамдастық мойындаған мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың өзіндік моделін іске асырады.

Мемлекеттің зайырлы сипаты туралы конституциялық норма Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік-конфессиялық қатынастардың негізін түзуші болып табылады.

Мемлекеттік қызмет, білім беру, мәдениет, спорт, денсаулық сақтау, отбасы және неке институттары жүйелерін қоса алғанда, әлеуметтік қатынастар, сондай-ақ мемлекеттің құзыретіне жататын басқа да салалар тек заңнамамен реттеледі.

Зайырлылық мынадай қағидаттарды

көздейді:

Мемлекеттік басқару және мемлекеттік қызмет жүйесінде, зайырлы қағидаттар қазіргі Қазақстанның дамуымен жұмыс істеуінің негізі болып табылады.

Өзінің күнделікті қызметінде барлық азаматтар, дінге деген қатынасына қарамастан, ең алдымен, заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарын, сондай-ақ, егер олар қолданыстағы заңнамаға қайшы келмесе, барлық меншік нысанындағы ұйымдардың ішкі ережелерін басшылыққа алады.

Заң шығаруда, мемлекеттік билік органдарының қалыптасуымен жұмыс істеуінде, лауазымды тұлғалардың этика қағидаттарында мемлекеттің конституциялық құрылымы діни мүддені жоққа шығарады.

Мемлекетпен діни бірлестіктер арасында ерекше қарым-қатынас орнаған. Мемлекеттік саясат қандай да бір діни ілімнің нұсқауларында емес, азаматтардың, қоғамның және жалпы мемлекеттің тіршілік әрекетімен қауіпсіздігін қамтамасыз етудің нақты мүдделерін негізге ала отырып құрылады.

Демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде Қазақстанда мемлекеттік шешімдер қандай да бір діннің немесе оның жекелеген ізбасарларының мүдделерін негізге алмай, бүкіл қоғамның мүдделерінің негізінде ғана қалыптасады.

Қазақстан әрбір азаматтың ар-ожданының құндылығын мойындайды және еркіндігін қамтамасыз етеді.

Ел азаматтары өзінің дінге деген көзқарасын өз бетінше және мәжбүрлесіз анықтауға не өзін қандай да бір дінмен мүлдем байланыстырмауға және діни институттарға жүгінбей өмір сүруге құқылы.

Мемлекеттік органдармен мемлекеттік қызметшілер арқылы мемлекет азаматтарды қандай да бір нысанда белгілі бір дінді қабылдауға немесе ұстанбауға мәжбүрлей алмайды, бірақ дін ұстанатын және оны ұстанбайтын азаматтар арасында, сондай-ақ әртүрлі діни бірлестіктер арасында өзара келісіммен сыйластық қатынастарын орнатуға ықпал етеді.

Ұлттық, оның ішінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мүддесінде мемлекет қоғамдық қатынастарды реттейді және басқарады.

Осы мақсатта мемлекет адамның ішкі әлемімен діни наным-сенімдеріне қол сұқпай, заңда көзделген шектеулерді енгізуге құқылы.

Мемлекеттік басқарумен мемлекеттік қызмет жүйесінің жұмыс істеуі үшін зайырлы қағидаттар негіз қалаушы болып табылады.

Жоғарыда аталған ережелердің барлығы қазақстандық заңнамада тіркелген және зайырлылық ұстанымдарын іске асыруда әлемдік тәжірибелерге сүйене отырып жасақталған. Жалпы ортақ осы ұстанымдар мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қатынасын реттеп, қазақстандық зайырлылықтың заманауи үлгісін қалыптастыруда. Жалпы мемлекет ел ішіндегі діни бірлестіктермен ортақ келісім, өзара түсіністік, толеранттылық пен сыйластық негізінде әрекеттеседі. Мемлекет пен діни құрылымдардың қоғамның әртүрлі салаларында жеке тұлғалардың тепе-теңдігін қамтамасыз етуі – зайырлы Қазақстан үшін стратегиялық маңызы бар мәселе. Егер заңда басқаша қарастырылмаса, жеке тұлғалар сенім бостандығын желеу етіп мемлекет алдындағы азаматтық міндеттерін атқарудан бас тарта алмайды.

Дүйсен Асхат Өмірзақұлы
Түркістан облысы дін істері басқармасының
«Дін мәселелерін зерттеу орталығы»
КММ-нің теолог-дінтанушы маманы

Журналистер сирек металдарды өңдеу зауытында болды

Жуырда Қазатомөнеркәсіп ұлттық атом компаниясы басшылығының қолдауымен Қазақстанның бірқатар бұқаралық ақпарат құралдарының журналистері еліміздегі ең ірі кәсіпорындардың бірі Шығыс Қазақстандағы Үлбі металлургиялық зауытында болып, елімізде өндіріліп жатқан табиғи жер асты қазбаларының өңдеу, байыту жұмыстарымен танысып қайтты. Журналистерге ұйымдастырылған пресстур екі күнге жалғасты. Еліміздің оңтүстік өңірлерінен жерасты ұңғымалы шаймалау әдісімен өндірілген табиғи уран шикізат ретінде аталған зауытқа жеткізіліп, осы зауытта атом отыны, яғни уран таблеткалары қайта өңделеді, жасалады. Ия айтары жоқ, Үлбі металлургиялық зауыты ҮМЗ стратегиялық объект, ерекше қадағалаудағы жабық кәсіпорынға жатады. Дегенде, табиғи уран таблеткаларынан бөлек, тантал, бериллий қайта өңделеді, байытылады.

Айтары жоқ, сирек металдарды байытып, қайта өңдеумен айналысып отырған кәсіпорынның аумағы өте үлкен. Зауыттың іргетасы сонау Кеңес одағы кезінде, нақты айтқанда 1949 жылы қаланған. Содан бері мінекі 75 жылға жуық аталған алпауыт зауыт еліміздің әлеуметтік экономикалық өсіп өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.

Іссапарымыздың алғашқы күні зауыттың тарихи мұражайын тамашалап, қауіпсіздік ережелеріне сәйкес, өндірістік нұсқаулықпен таныстық. ҮМЗ акционерлік қоғамының басқарма басшысы С. В. Бежецкиймен прессконференция ұйымдастырылып, журналистер іс шараға сәйкес сұрақтар қойып, нақты жауаптар алмасты.

Енді зауыттың шығу тарихына, негізгі ісжүйесіне қысқаша тоқталып өтсек.

Үлбі металлургиялық зауыты – атом энергетикасы, электрондық, металлургиялық өнеркәсіп және басқа салалардың қажеттіліктері үшін әлемде танылған уран, бериллий, тантал және ниобий өнімдерін өндірушілердің бірі.

1997 жылдан бастап «Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» АҚ құрамына кіреді.

Зауыттың туған күні ретінде 1949 жылдың 29 қазаны, дайын өнім – торий оксалатының бірінші партиясы шығарылған күн болып саналады. ҮМЗ өндірістер «ҮМЗ» АҚ құрамына ірі металлургиялық өндірістер – уран, бериллий және тантал, сондай-ақ қосалқы бөлімшелердің дамыған инфрақұрылымы кіреді. Атом электрстанциялары үшін уран отынының компоненттерін өндіруші уран өндірісі болып келеді. Уран өндірісінің өнімі (уран диоксиді) ұнтағы және отын таблеткалары) әлемдегі ең ірі отын өндірушілерде сертификатталған. Солтүстік Америка, Еуропа және азия елдеріне жеткізіледі. Бериллийдің кен концентраттарын өңдеуден бастап бериллий мен оның қосылыстарының негізінде өнімнің кең тұржинағын шығаруға дейін толық цикл бойынша қызмет ететін «ҮМЗ» АҚ бериллий өндірісі де бірегей болып табылады. Дайын өнім Еуропалық Одақ елдеріне, Ресей Федерациясына, АҚШ-қа, ҚХР және Жапонияға сатылады. ТМД аумағындағы жалғыз және әлемдегі ең ірі төрт зауыттың бірі-шикізатты өңдеуден бастап берілген сапа параметрлері бар дайын тантал-ниобий өнімдерін алуға дейінгі толық өндірістік



циклі бар зауыттың тантал өндірісі. ҮМЗ тантал өндірісінің серіктестері қатарында АҚШ, Ресей, Франция, Германия және Жапониядан келген компаниялар бар. Кәсіпорынның қызметіне энергетикалық, сервис орталықтары, автокөлік және қойма шаруашылықтары секілді қосалқы өндірістер де өз үлесін қосуда. «ҮМЗ» АҚ шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ғылыми және сынау орталықтары, Үлбі жобалау-конструкторлық институты (ҮЖКИ) және ақпараттық технологиялар орталығы (АТО) ұсынған заманауи ғылыми-техникалық базасы септігін тигізеді. Сондай-ақ зауытта ірі инвестициялық жоба – «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС. Жылына қуаттылығы 200 тонна жылу бөлетін құрамалар (ЖБҚ) өндіріс жүзеге асырылған. Осы өндірістің арқасында тәуелсіз Қазақстан тарихында алғашқы рет өнеркәсіптік жылу бөлетін құрамалар дайындалады! Жоба отын таблеткаларын дайындау бойынша ҮМЗ қуаттарын жүктеуді қамтамасыз етеді, сондай-ақ жұмыс орындарының санын және бюджеттік аударымдарды ұлғайтты. Жылу бөлетін құрамалар – Қытай атом электр станциялары үшін экспорттық өнімдер. Көптеген жетістіктерге қарамастан, кәсіпорын тұрақты даму және корпоративтік мәдениет қабілеттерін басшылыққа ала отырып, одан әрі жетілдіруге ұмтылады. Персоналға арналған кәсіпорын «ҮМЗ» АҚ ең басты құндылығы – оның персоналы. 4000-ға жуық адам кәсіпорынның тиімді дамуын және оның нарықтағы озық позицияларын қамтамасыз ету үшін күш-жігерін, тәжірибесі мен шеберлігін біріктіреді. Зауыт ұжымы жетпіс төрт жылдық тарихы арқылы кәсіпорынның жоғары корпоративтік мәдениеті мен құндылықтарын сипаттайды. Зауытта корпоративтік мәдениетті дамытуға, ұжымның бірлігі мен нығайтын қалыптастыруға, еңбек ұжымы алдында да, «ҮМЗ» АҚ қатысатын өңірдің халқы алдында да кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары дәрежесіне үлкен көңіл бөлінеді. Белсенді әлеуметтік саясаты ҮМЗ-нің танымдылық карточкасына айналған. Кәсіпорын әкімшілігінің маңызды бағыттарының бірі: • еңбек жағдайларын жақсарту, жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығының басымдығы, өндірістік қызмет нәтижелерінен қоршаған ортаның жай-күйі; • әрбір жұмыскердің еңбек қауіпсіздігін, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне қатысуын қолдау; • ұжымдық шарт шеңберіндегі жұмыс; -жұмыскерлерді материалдық ынталандыруды үнемі жақсартуға бағытталған саясат біліктілікті арттыруды қамтамасыз ету; • әрбір жұмыскердің зияткерлік және шығармашы-

лық әлеуетін дамытуға жәрдемдесу. 2021 жылдың желтоқсанында ҮМЗ ірі бизнес субъектілері арасында «Үздік ұжымдық шарт» номинациясы бойынша бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі бойынша жыл сайынғы республикалық «Парыз» конкурсында 2 орын иегері атанған. Сондай-ақ, 2022 жылдың мамыр айында Үлбі металлургиялық зауыты Қазақстан Республикасының жұмыс берушілері арасындағы «Сенім-2022» еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі конкурста «Еңбекті қорғаудың үздік қызметі» номинациясында 1 орынға ие болған. Әлеуметтік жауапкершілік және еріктілік Кәсіпорында қоғамдық ұйымдар жұмыс істейді: «ҮМЗ» АҚ Арда-



герлер ұйымы» ҚБ және «ҮМЗ» АҚ жастар бірлестігі. Бүгінгі таңда ардагерлер ұйымында 3000 астам бұрынғы жұмыскерлер, жастар бірлестігінде 100 астам адам есепте тұр. 2012 жылдан бастап «ҮМЗ» АҚ жұмыскерлері жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қолдау жөніндегі кешенді жоспарды іске асыруға қосылып, Өскемен қаласының балалар үйлерінен 23 баланы патронаттық тәрбиеге алған. Қоғам жұмыскерлері тәрбиеленушілерді қоғамның өткізілетін корпоративтік, мерекелік, спорттық және өзге де мәдени-бұқаралық іс-шараларына қатысуын қамтамасыз ете отырып, қазіргі өмір жағдайларына баулиды. Патронат балаларға арналған «Мектепке жол» жыл сайынғы республикалық акциясы аясында қоғам жұмыскерлері киім, аяқ-киім, мектеп сөмкелер, кеңсе тауарларын және т. б. сатып алуға ақшалай қаражат жинайды. Қатысу аймағына арналған кәсіпорын өңіріндегі барлық мүдделі тараптар алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып, «ҮМЗ» АҚ қоршаған ортаны қорғау саласында әлеуметтік бағдарланған саясат жүргізеді. «ҮМЗ» АҚ өндірістік қызметінің айрықша ерекшелігі - қоршаған ортаға ең аз әсер ету. Негізгі технологиялық процестердің

аппаратуралық ресімделуі негізгі компоненттерді: уран, бериллий, тантал, ниобийді барынша алуға және олардың табиғи ортаға түсуін барынша шектеуге мүмкіндік береді. Өндіріс процесінде зиянды заттарды кәдеге жаратудың жоғары дәрежесі кәсіпорын конструкторлары мен технологтарының жетістіктерінің бірі болып табылады. «ҮМЗ» АҚ келісімдер мен меморандумдар шеңберінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етуде. Қазақстандық қамтуды дамыту - ірі кәсіпорындардың алдына қойылған тағы бір стратегиялық міндет. «ҮМЗ» АҚ отандық өндірушілерге қолдау көрсете отырып, осы бағыттың дамуына елеулі үлес қосуда. Қазақстан Республикасы үшін кәсіпорын ҮМЗ аумағында орналасқан Атом энергиясы жөніндегі халықаралық агенттіктің Төмен байытылған уран банкі (АЭХА ТБУ) 2019 жылы 10 желтоқсанда пайдалану кезеңіне өткен. Уран өндірісінде қазақстандық кен орындарының табиғи уранның химиялық концентратынан табиғи уранның тотығы-шала тотығын дайындау жалғасуда. 2020 жылы құрамында жоғары байытылған уран бар (ЖБУ) сәулеленбеген ядролық материалды қайта өңдеу бойынша кезекті науқан аяқталды. ҚР Ғылыми ядролық орталығында (ҒЯО) орналасқан импульсті графитті реактордың (ИГР) жоғары байытылған ураны та-

руға арналған. Ұнтақты сәтті қабылдау болашақта қытайлық CGNPC-URC компаниясы үшін төмен байытылған уран диоксиді өндірісіне тапсырыс алуға мүмкіндік береді. «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС 2021 жылы Үлбі металлургиялық зауыты (қатысу үлесі - 51%) негізінде CGNPC-URC қытайлық компаниямен (қатысу үлесі - 49%) ынтымақтастықта атом станциялары үшін ядролық отынның бірегей өндірісі – «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС іске қосылды. Жаңа зауытта жылу бөлетін құрамалар және олардың компоненттері шығарылады. Төмен байытылған уранға қайта есептегенде өнім көлемі жылына 200 тоннадан құрайды. Өнімдер ҚХР атом станцияларына жеткізіледі. Жоба аясында 140 астам жұмыс орны құрылды. ЖБҚ өндірісі - робототехника және басқа да заманауи технологияларды қолданумен жүзеге асырылатын көп сатылы процес. Бірінші өнеркәсіптік жылу бөлетін құрама 2021 жылы 12 тамызда шығарылды. 2022 жылғы желтоқсанда «Үлбі-ЖБҚ» ЖШС ҚХР АЭС 68 жылу бөлетін құрама жеткізді. Оларды зауыттың серіктесі табысты қабылдады. «Үлбі-ЖБҚ» жобасын іске асыру еліміздің атом саласында нағыз «көтеріліс» жасауға қабілетті. «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК үшін - бұл өндірісті әртарапандыру аясындағы стратегиялық қадамдардың бірі. Өндіру нарығында көшбасшылықты сақтай отырып, компания қазір атом электр станциялары үшін отын өндіреді, бұл Қазақстанға жаһандық атом нарығындағы позицияны нығайтуға мүмкіндік береді. Үлбі металлургиялық зауытында ғылым мен өндірісті интеграциялау-басымдықта. ҮМЗ ғылыми орталығының мамандары үнемі жан-жақты мәселе шешу тәртібінде: авторлық технологияларды әзірлейді, өзіндік құнын төмендету, өнімнің бәсекеге қабілеттілігін жоғары дәрежесін қамтамасыз ету жолдарын табады, шикізат базасы мәселелерімен айналысады. Сөз жоқ, журналистер зауыттың өндіріс аймағын толық аралап, танысып, көріп шықты. Зауыттың өндіріс директоры атом отындарының байыту, өңделу процестерімен толықтай тусіндіріп, журналистердің сұрақтарына жауап берді. Сонымен қатар, «Үлбі-ЖБҚ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бас директоры А. А. Сүлейменов аталған кәсіпорын жұмысының негізгі жүйесімен таныстырып, түсіндіріп өтті. Табиғи уранның елімізде қалай өндірілетіні баршамызға белгілі. Ал енді сол оңтүстік өңірімізде жерасты ұңғымалы шаймалау әдісімен өндірілген табиғи уранның қалай байытылып, өңделіп, /дайын продуктін/, жасалғанын көріп, біліп қайттық. Бұл ретте, журналистерге өз көздерімен көріп, нағыз мамандардан мәлімет алуларына мүмкіндік берген Қазатомөнеркәсіп ұлттық атом компаниясының басшылығына айтар алғысымыз шексіз. Екі күнге жалғасқан пресстур барысында Қазақстанның әр аймағынан келген ірі басшылардың журналистер бір-бірін сұрақ жауаптармен толықтырып, Шығыс Қазақстанның көкмайса керемет табиғатына тамсанып, ерке Ертіс өзенінде серуендеп, әріптестік байланыстарын нығайтты.

Нұржамал МАЙУСОВА,
Журналист.

